

**ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың 2020 жылғы қыркүйектегі іскерлік
белсенділік индексі туралы түсініктемесі**

Іскерлік белсенділік индексі кәсіпорындарға жүргізілген олардың ағымдағы көрсеткіштері және келешекте олардың өзгеруі бойынша күтулері негізінде қалыптастырылады. Өткен айда пікіртерімге құрылыс саласындағы, өнеркәсіптегі және қызмет көрсетудегі **450** кәсіпорын қатысты.

Іскерлік белсенділік индексі қыркүйекте бірден **2,2**-тармаққа өсіп, **47,6**-ға дейін көтерілді.

Нақты секторда экономикалық белсенділіктің жаңғыруы құрылыста байқалады, онда индекс **5,5**-тармаққа өсті, қызмет саласында **3,1**-тармаққа өсуі тіркелді. Өнеркәсіп саласында жаңа тапсырыстар азаюынан индекс **0,5**-тармаққа төмендеді.

Өңірлер бойынша өткен айда іскерлік белсенділік индексінің біршама жақсаруы Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында аталды. Оның ең көп төмендеуі Алматы және Қызылорда облыстарында байқалуда.

Бизнес-ахуал индексі қыркүйекте **соңғы алты айда бірінші рет** оң аймаққа ауысып, **2,0** дейін жетті. Респонденттер бизнесті жүргізудің ағымдағы жағдайлары жақсарғанын атап, **қазанда** көрсеткіштің **4,5**-ға дейін одан әрі өсуін күтуде.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>